

**№ 1, № 7 сайлау округтері бойынша Жақсы аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттар үшін Жақсы ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 6 қазандағы № А-9/244 қаулысы. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 қазанда № 1-13-117 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қаңтардағы № а-0/33 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2011.01.14 № а-0/33 қаулысымен*

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, сондай-ақ «Ақмола облыстық мәслихатынан шыққан депутаттардың орнына депутаттарды сайлауды белгілеу туралы» Ақмола облыстық сайлау комиссиясының 2010 жылғы 23 тамыздағы № 11 шешіміне сәйкес, Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жақсы аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп, № 1, № 7 сайлау округтері бойынша Жақсы аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттар үшін Жақсы ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар, қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жақсы ауданы әкімінің орынбасары **А. Д. Бралинаға** жүктелсін.

3. Осы қаулы Жақсы ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Ж а қ с ы</i>	<i>а у д а н ы</i>	<i>ә к і м і н і н</i>
<i>міндетін атқарушы</i>	<i>С.Өтешев</i>		
<b>КЕЛІСІЛДІ</b>			
	<i>Ж а қ с ы</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>	<i>а у м а қ т ы қ</i>
<i>сайлау комиссиясының төрағасы</i>	<i>Қ.Дүзелбаев</i>		

